

Билалы
Бекетова

«Нұрбөбек» мектепке дейінгі ұйымы

«Аналар – асыл қазынам»
(ертеңгілік)

Орындаған: Бекетова.Ж
Иса.И

2022 жыл

Аналар - асыл қазынам!

Мақсаты: Балаларға 8-наурыз халықаралық мейрамы екенін ұғындыра отырып, аналарын ешқашан ренжітпеуге, қолғанат болуға, әрқашан құрметтей білуге тәрбиелеу.

Тәрбиеші: Қымбатты балалар, сүйікті апалар, құрметті әріптестер!

Бүгін біз көктемнің алғашқы мерекесі күні әсем залға 8-наурыз аналар мерекесін тойлауға жиналып отырмыз. Мерекелеріңіз құтты болсын!

Бала, бала, бала деп,
Түнде шошып оянған.
Түн ұйқысын төрт бөліп,
Түнде бесік таянған.
Қаймақты сүттей қалқытқан
Суық болса жөргегі
Қорғасындай балқытқан
Айналасына ас қойып,
Өзенді көлдей шалқытқан.
Қолын қатты тигізбей,
Иісін жұпар аңқытқан

Бұл кім?

Балалар: Ана, ана, ана!

Тәрбиеші: Құрметті апалар, қадамдарыңа гүл бітсін, сіздерге арналған мерекемізді бастаймыз.

Алтынайым: Бүгін Наурыздың сегізі,
Сұлулықтың егізі.
Әдемі сөз адамның.
Анаға айтар лебізі.

Шамшынаһар: Мәпелейсің мені анам,
Қолыңдағы құсындай.
Құлпыра өсіп дем алам,
Құшағыңда қысылмай.

Б.Бексұлтан: Жүре берсем қасында,
Әйбат анам, әй анам.
«Ботам» деген дауысыңнан,
Мен мәз болып оянам.

Көзайым: Еркелесем күнім дейтін,
Ұрысқаны білінбейтін.
Маңдайымнан искеп менің,
Құлыншағым күнім дейтін.

Т.Әлинұр: Анамды мен жақсы көрем,
Айтқан тілін алып жүрем.
Қасымда анам жүргенде,
Шаттанып ойнап күлем.

Би: « » қыздар

Ән: « »

Жанел: Ана біздің күніміз,
Ана біздің гүліміз.
Бізді ана қуантып,
Ұзақ өмір сүріңіз.

Димаш: Әжем менің әйбат,
Ешкім оған жетпейді.
Күні бойы бірге ойнап,
Жанымнан бір кетпейді.

Алдияр: Аналарды сүйеміз,
Сөзін ойға түйеміз.
Әжені де ардақтап,
Әдеппен бас иеміз.

Т.Әлинұр: Бөбегіңнің сыйлығын,
Қабыл алшы анашым.
Ұзақ өмір жүр жасап,
Ауырмашы анашым.

Әмина: Әр сөзіңді жаттаған,
Жүрегінде сақтаған.
Анашым деп мақтанам,
Айналайын ақ мамам.

Би: « » ұлдар.

Ойын: «Кім тез гүл тереді?»

Тәрбиеші: Ананың әрбір сөзі жылылыққа толы. Ананың көз нұры, мейірімі тастай мұзды да жібітеді. Сүйікті аналар, сіздерге деген балаларымыздың жылы лебіздерін қабыл алыңыздар.

Қарақат: Айтсаң болды тіл алам,
Әйбат мамам әй мамам.
Сені көрсем қуанам,
Сен керексің қашанда.

Айлин: Баланың да тірегі,
Даланың да тірегі.
Ауырмасын ешқашан,
Аналардың жүрегі.

Анжар: Анаң болса қасында,
Басқа бақыт не керек.
Аналардың жүрегі,
Мейірімді ғой керемет.

Бексұлтан: Анашым анам,
Ризамын саған.
Тіліңді алам,
Ақылды болам.

Әдемі: Мен анамды сүйемін,
Құшағына енемін.
Мәпелеген анамды,
Қуантсам деп келемін.

Ән: « »

Тәрбиеші: Сүйкімді ғой балалар
Өнерлі ғой баршасы
Міне, осындай қойылым,
Көрсетті «Нұрбөбек» бақшасы.

Құрметті аналар мен әжелер! Сіздерді «Нұрбөбек» балабақшасының бүлдіршіндері атынан шын жүректен құттықтаймыз. Аяулы аналарымыз, ардақты әжелеріміз, сүйкімді балаларымыз әрқашан аман болсын!